

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше көзделмеген болса, Кәсіпорын жасасатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер тіркелген сәттен бастап жасалды деп саналады.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаты

12. Кәсіпорын қызметінің мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылыми зерттеулер саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуына, дамуына және кәсіби қалыптасуына бағытталған сапалы білім алуы үшін қажетті жағдай жасау болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес экономика және әлеуметтің әр түрлі салалары үшін білікті мамандар даярлау;

2) магистратурада, PhD докторантурада кадрлар даярлау;

3) ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-құрастыру жұмыстарды, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік жұмысты, халықаралық жаһандық коммуникациялық желілерге шығу арқылы білім беруді ақпараттандыруды ұйымдастыру және өткізу;

4) Кәсіпорын қызметінің бейіні бойынша оқу және әдістемелік, оның ішінде электрондық, ғылыми еңбектер шығару, мерзімді және сериялық басылымдарды басып шығару;

5) жоғары оқу орнына түсуге дайындау мақсатында дайындық бөлімінің қызметін ұйымдастыру;

6) дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу, спорт секцияларын құру;

7) білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуде қатысу;

8) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлау бойынша білім беру, ғылым және әдістемелік салада негізгі концептуалдық ережелерді әзірлеуде, сынауда және енгізуде қатысу;

9) оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын әзірлеуде, сынауда және енгізуде қатысу;

10) білім беру жүйесін әдіснамалық қамтамасыз етуге қатысу;